КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 05 қантар №7119-24-00-2/16453 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау Комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – РММ)

ЖАУАПКЕР:

"ИНФО44" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі- ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау Комитеті» РММ жауапкер "ИНФО44" ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"ИНФО44" ЖШС БСН 240740000350 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"ИНФО44" ЖШС БСН 240740000350 мемлекет пайдасына 441 (төрт жүз қырық бір) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1 877 (бір мың сегіз жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.02.2025, судья Нұрланов Б. К., 25.02.2025